"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/3717
29.06.2018

**«Газовое хозяйство
«Шымкентгаз» ЖШС-нің
директоры
Ж.А.Момбаевқа**

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай – Департамент)* тарапынан «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* өткізілген №2499248-1 «Түркістан қаласын газбен қамтамасыз ету құрылысы 2 - кезек ГРБ-5», №2499204-1 «Түркістан қаласын газбен қамтамасыз ету құрылысы (2 - кезек) ГРБ- 2,3 жұмысы», №2499229-1 «ОҚО, Түркістан қаласын газбен қамтамасыз ету құрылысы III-кезең (ГРП-6, 7, 8)» және №2499179-1 «ОҚО, Түркістан қаласын газбен қамтамасыз ету құрылысы III-кезең (ГРП-9, 10, 11)» ашық конкурстарына Заңнамаларының талаптарына сәйкес келуіне камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Сіздің, Департаментке 15.06.2018 жылы ЗТ-М-1360-61-62-63 тіркелген 14.06.2018 жылғы №095, №098, №099, №100 өтініштеріңізде көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (ары қарай – Қағидалар) Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.*

Құрылыс жұмыстары (<u>жаңа құрылыс</u>, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті <u>рұқсат (лицензия) болып табылады</u>.

Қағиданың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің 5 тармағында «*Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар*

туралы мәлімет болмаған жағдайда, рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екені туралы мәліметтер» әлеуетті өнім беруші жұмысты сатып алу кезінде толтырады делінген.

Алайда, камералдық бақылау барысында Сіздің, осы конкурсқа өтінген өтініміңізде конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілік туралы мәліметтеріңіз сәйкес ұсынылмаған. Яғни, Рұқсат (лицензия) атауы, Қызмет түрі, Ерекше шарттар (санаты) және Құжаттың берілген күні мен нөмірі толтырылмағандығы анықталды.

Осыған орай, конкурс комиссия тарапынан Серіктестікті конкурстан шеттету шешімі Заңнама талаптарына қайшы келмейді.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **К.Сапарбеков**

О.Ажибеков
35-00-35 (117)